

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Эссе. Мен мұғалім мамандығын таңдадым.

ЖАРИЯЛАНДЫ
20.01.2024СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/148231/

Мен Мұғалім мамандығын таңдадым.

(Эссе)

Мамандықты сүйіп, қалап, жақсы көріп таңдау керек. Өмірде мамандықтың өте көп түрі бар. Әр мамандықтың өзінің ерекшелігі болады. Сенің таңдаған мамандығын сенің болашағың. Өйткені, мамандық таңдау – өмірдегі ең маңызды шешімдердің бірі. Мұғалім мамандығын таңдауда ата-анамның берген ақылын, ойларын тыңдап, мұғалім мамандығын таңдауды шештім. Барлық мамандықтың иесін тәрбиелейтін ол – мұғалім. Мұғалім мамандығы – барлық мамандықтың анасы. Дүниедегі мамандық атаулының төресі – ұстаздық. Мамандық иелерін тәрбиелейтін, оқытып үйрететін мейірімді абзал жандар. Ұстаз берген тәрбие әрбір жанның өміріне жол сілтер шамшырақ секілді. Мамандық таңдаудан қателеспедім деп ойлаймын. Ал мұғалім болу оңай ма? Әрине оңай емес. Мұғалім болу – айтуға оңай болғанымен, нағыз ұстаз болу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Ұстаз жолы – қиындығы мен қызығы қатар жүретін мамандықтың бірі. Осы ұлағатты мамандықтың ыстығына күйіп, суығына тоңып, абырой мен бақыттың иесі болған жандар олар – ұстаздар.

Ұстаз деген кім? Ұстаз – шәкірттерін білім нәрімен сусындататын адам. Бүгінде ұстаз болу, шәкірт тәрбиелеу – өмірлік мақсатыма айналғандай. Ұстаздық жолында жүрген жиырма жылда өз пәнімді сүйіп, оқушыларыма бауыр басып еңбек етіп келемін. Алғашқы еңбек жолымды Романовка орта мектебіне тарих пәні мұғалімі болып жұмысқа орналастым. Ең алғаш «Ұстаз» деген атаққа ие болуым осы мектепте басталды. Қазіргі таңда жұмыс атқарып жүрген Ж. Шайжүнісов атындағы орта мектебінде ұстаздық жолымды жалғастырдым. Мектеп ұжымынан әрбір ұстаздың бойында болатын төзімділік, сыпайлық, адамгершілік, еңбек сүйгіштік сияқты қасиеттерді бойыма сіңірдім.

Ұрпақ болашағының кілті – ұстаз қолында. Ұстаз елдің ертеңгі тізігінің ұстайтын ұрпақ тәрбиелейді. Ұстаз мамандығы киелі. Жан – Жак Руссоның «Ұстаз болу – өз уақытыңды аямау, басқаның бақытын аялау» деген нақыл сөзі жанымға өте жылы. Шәкірті өзінен

озған ұстаз -еңбегі ақталған ұстаз.Қанша жыл тер төгіп еңбек етсең де, ұстаз үнемі ізденіс үстінде болуы керек.

Мамандығым өзімме қатты ұнайды.Шәкіртерімнің жүрегіне жол тауып,оларды өз ісіме сүйсіндіре білдім. Бұл ұстаз үшін зор бақыт,үлкен қуаныш.Алдымыздағы әр бала қайталанбас бір ғажайып әлем.Ал сол балалардың жүрегіне,жандүниесіне жол таба білу – біздердің ,ұстаздардың борышымыз.Мейірімділік,шыдамдылық,кешіре білу,баламен тең жағдайда сырласа білу,оның мүмкіндіктеріне сене білу,әрқашан құлақ қоя тыңдау тәрізді қасиеттері арқылы ғана ұстаз өз мәртебесін көтере алады.Балаға үнемі қолдау көрсету-үлкен ұстаным. «Мұғалім – адам жанының инженері» деп бекер айтылмаған.Бала темір емес,робот емес,ол – өзіндік әлемі бар ғажайып жеке тұлға.балаға сіздің көз қарасыңыз ,жылы жүрегіңіз,ыстық ықыласыңыз өте қажет.Ұстаз ұлылыққа тек шәкірттері арқылы жете алады.Мен шәкірттерімнің биіктерге қол жеткізгеніне шексіз қуанамын.

Мұғалім –қазір елімізде қадірлі жандардың бірі.Білім сапасы- мұғалім қызметінің жетістігі.Қазақстанымыздың нағыз ел сүйер азаматтары ,ертеңгі ел иесі –алдымыздағы шәкірттеріміз. Әр шәкірттерімнің жетістікке жетуі -ұстаздың еңбегінің жарқырап жанғаны,саналы өмірінің еш зая кетпегендігін көрсетеді.Ел ертеңі үшін еңбек еткен ұстаздардың ұлылығы да осында дер едім.Келер ұрпақтың алдында зор жауапкершіліктің жүгін арқалап келе жатқандар ұстаздар.Әрбір тұлға өмірінде үлкен тәрбие мен білімді санасына ұялатқан ұстазын мәңгілік есінде сақтайды.Нағыз мұғалім, міне , осы.Адам тәрбиелеу-ұлы міндет.Ол міндетті атқарушы – ұстаз.

Ұстаз болу –сезімнің ақындығы,

Ұстаз болу- жүректің батылдығы,

Ұстаз болу –мінездің күн шуағы,

Азбайтұғын адамның асылдығы деп Ғафу Қайырбеков ұстаз деген сөздің анықтамасын дәл берген.Осы төрт қасиет әр ұстаздың бойынан табылуы қажет.

Кейбір мамандықтар сұранысқа ие бола бермейді,мұғалім мамандығы әрдайым қажет. Қазіргі таңда мұғалім мамандығына баратын жастар өте көп.Биылғы жылы оқуға тапсыратын мектеп бітірушілердің көбі мұғалім мамандығын таңдаған.

Менің мамандығым әлемдегі ең қажет мамандықтардың бірі.Сондықтан мамандығымды мақтан тұтамын.Өз ісінің білгір маманы болғанға не жетсін!Мен мамандық таңдаудан қателеспегеніме сенімдімін.Мен- ұстазбын!

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.